

FTAХР 11.15.25

Ж.М. Төлен¹

¹Сулейман Демирел атындағы университет
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА ДЕМОКРАТИЗАЦИЯ ПРОЦЕСІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ОРНЫ

Аңдатпа. ХХІ ғасырда азаматтардың билікке тікелей ықпал етуі мен қатысуын анықтайтын саяси режим түрі ол – демократия екені белгілі. Ал демократияның орнауының басты шарттарының бірі қоғамның саяси және азаматтық мәдениетінің қалыптасуы мен азаматтық қоғамның жан-жақты дамуы болып табылады. Осыған орай мақалада демократия мен азаматтық қоғам түсініктеріне талдау жасай отырып, мемлекетте демократиялық жүйені орнатудағы азаматтық қоғамның рөліне басты мән берілді. Сонымен қоса бірнеше этнос өкілдері өмір сүретін Қазақстанда, азаматтық қоғамды дамыту арқылы демократия қағидаттарын орнатудың жүзеге асырылуы, этносаралық қатынастарды реттеудің басты жолы болып табылатындығы қарастырылады. Мемлекеттің дамуы азаматтық қоғам мен демократия құндылықтарының қалыптасуы мен кең тарауымен тікелей байланысты екендігі тұжырымдалады.

Кілт сөздер: азаматтық қоғам, демократия, этносаралық қатынастар, қоғамдық келісім.

Аннотация. В статье описано понятие «демократия» как тип политического режима, определяющее прямое влияние на государственную власть со стороны народа. Основным условием становления демократии являются формирование и развитие политической культуры и гражданского общества. В статье рассматриваются понятия демократии и гражданского общества, при этом подчеркивается роль гражданского общества в установлении демократической системы в государстве. В условиях полиэтничности Казахстана важное значение имеет соблюдение демократических принципов для регулирования межэтнических отношений посредством развития гражданского общества. Так же, отмечено, что развитие государства связано со становлением и распространением ценностей демократии и гражданского общества.

Ключевые слова: гражданское общество, демократия, межэтнические отношения, общественное согласие.

Abstract. In the paper we describe notion of democracy as a type of a political regime that could determine the direct influence and participation of the people in the government affairs. Therefore, developed political culture and a vibrant civil society are the main precondition for the establishment of democracy. The article revises the meanings of democracy and civil society, emphasizing the role of civil society in the solidification of democracy. In the example of multiethnic Kazakhstan, the paper proves the importance of following the democratic principles as a precondition for the regulation of interethnic relations. The article shows the direct connection between the development of the country with the formation and penetration of democracy and civil society.

Key words: civil society, democracy, inter-ethnic relations, social consensus.

1. Азаматтық қоғамдағы демократия қағидасы

Қазіргі таңда Президент Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Қазақстанда саяси жүйе мен мемлекеттік құрылыстың тиімділігін арттыруға бағытталған» ірі саяси реформаларды жүзеге асыру жалғасып келеді [Назарбаев Н.А., 2007].

Біз тарихи үрдісте басты қозғаушы тұлға мен субъект ретінде өзінің мүдделері мен құндылықтарының қажеттілік жүйесі бар адам өмір сүретін *азаматтық* қоғамды құрып келеміз. Жеке адамдар мен жалпы қоғамның мемлекет тарапынан қатаң қысымнан қорғану деңгейі демократияның деңгейімен анықталады. Сондықтан да азаматтық қоғамда барлығы «жоғарыдан төменге» қарай емес, керісінше «төменнен жоғарыға» бағытталып жүзеге асырылады, яғни мемлекет пен оның органдарын «қоғам қалыптастырады және олар белгілі бір жолдар арқылы жүзеге асырылатын қоғам тарапынан бақылауда болады» [Аристотель, 1983].

Жоғары дамыған азаматтық қоғам – бұл демократияның жоғары формасы, оның беріктігі мен тұрақтылығы.

Дегенмен, *демократия* дегеніміз не? Американ саясаттанушысы Роберт Даль өзінің «Демократия туралы» кітабында былай деп жазады: «менің ойымша, 25 жыл бойы талқыланған, өмір сүрген, мойындалған, жойылған, одан қайта пайда болған демократияға қатысты әлі де нақты толық фундаменталды мәселелер бойынша келісім орын алған жоқ» [Даль Р., 2000].

Сонымен қатар, бәріне мәлім, «*демократия*» терминінің өзі V ғасырдың ортасынан бастап қолданысқа ие болды. Ал бұл кезеңге дейін б.з.д. VII ғасырда Солон тұсындағы ежелгі Афинада жүзеге асырылған және б.з.д. VI ғасырдың соңында Клисфен дамытқан мемлекеттік

құрылыс, бес жүздің Кеңесі атты «өкілетті үкіметінде» барлығының заң алдында теңдігін білдіретін «исономия» терминімен, барлық азаматтардың халық жиналыстарында өз ойын білдіруге және дауыс беруге тең құқығын білдіретін «исэгория», теңқұқылықты меңзейтін «исократия» терминдерімен аталған еді. Осындай үлкен уақыт кезеңі арасында адамзат белгілі бір нақты тұжырымға келуі керек сияқты, дегенмен тарих басқаша жағдайды жіктеді. Бұл өз кезегінде қазіргі таңда демократияның түрлі формаларының орын алуына себепші болды:

- *парламенттік демократия* – парламентте қоғам сайлауы арқылы заң шығарушы биліктің өкілетті демократия формасы және қатысу демократиясының дамыған түрі;

- *плебисцитарлы демократия* – тура демократияның формасы;

- *өкілетті демократия* – заңшығарушы және де басқа сайланбалы органдарға қоғам арасынан өкілдерін сайлау арқылы билікті ұйымдастырудың демократиялық саяси түрі;

- *процедуралы демократия* – демократиялық институттардың өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ететін саяси техниканың кешені;

- *тура демократия* – қоғамның басқаларға қарағанда барлық деңгейдегі саясатқа қатысуының толық формасы;

- *қатысу демократиясы* – ХХ ғасырда философия мен әлеуметтік ғылымда орын алған демократияның тұжырымдамасы [Штраус Л., Фёглин Э., 1993].

Соңғы кездері *әлеуметтік келісім демократиясын* ғылыми айналымға енгізе бастады. Ол халықтың түрлі діни, тіл, этностық, идеологиялық немесе нәсілдік біртұтастыққа және осы біртұтастықтағы элиталар деңгейлерінде өтіп жатқан әлеуметтік өзара әрекет процесінің институционализациясының көлденең сегментациясының басымдығымен және т.с.с. сипатталады [Грачев М.Н., Мадатов А.С., 2004].

Біздің ойымызша, қазіргі таңдағы демократиялық жүйелерге нақты шынайы талдауды Р. Даль мен Ч. Линдбол жүргізді. Олар абстрактылы демократиялық идеалдарды шетке қалдырып, «полиархия» категориясы арқылы ең басты нәрсеге назар аударды: қазіргі кезеңде қандай демократиялы жүйелер орын алуы тиіс, және «қазіргі таңдағы біз демократиялы деп атап отырған мемлекеттерде қаншалықты «демократия дамыған» [Гарсон Дж., 1981].

Дегенмен, нәтижесінде Роберт Даль төмендегідей қорытындыға келеді: «қазіргі таңдағы әлемнің демократиялық мемлекеттерінде шынайы, әрі соңғы мәліметтерді ескеру мүмкін емес» [Даль Р., 2000].

Философия тұрғысынан демократияның негізін ««әлеуметтік-саяси құндылық ретінде еркіндік пен теңдіктің арақатынасы» құрайды, бұл құндылықтар сәйкесінше, демократияның мемлекеттік институттарында – тура немесе өкілетті демократияда көрініс табады. Соңғысы қазіргі кезде жоғарғы билігі бар құқықтық мемлекет ретінде таралады. Дегенмен,

ол бөлінбейтін, шеттетілмейтін тұлға құқығына таралмайды» [Гаджиев К.С., 2000].

Бұл орайда, ең маңызды *құқықтық мемлекетті* құрайтын индивид пен саяси билік арасындағы аралық ортаны естен шығармаған жөн. Бұл әрине, азаматтық жағдай. Ол Ж.Ж. Руссоның сөзімен айтатын болсақ, «басқа да міндеттемелерге күш беретін міндетті жұмылдырады: егер кімде-кім қоғамдық ерікке қарсы тұратын болса, ол барлық Ағзамен күштеп көндіруге душар болады» [Руссо Ж. Ж., 1969].

Батыстық ғалым Й. Шумпетер өзінің демократиялық теориясында азаматтардың үкіметке жүргізетін бақылауы тек сайлаумен ғана шектелмей, сондай-ақ басшылықты саяси биліктен айыру құқығымен де байланысты екендігін көрсетеді. [Шумпетер Й. 1995]. Оның пікірінше демократия азаматтардың саясатқа қатысу феномені мен сәйкес институттарды алдыңғы қатарға шығарады.

Бірақ бос сөз - өмірге енді дегенді білдірмейді. «Қоғамдық қайта құру принципін» жасақтау қажет (К. Поппер). Осы принциптерді іздеу, бәріне мәлім, еуропалық әлеуметтік философияны историцизм өкілдері мен негізін салушы Карл Раймунд Поппер сияқты сыни реализм өкілдері арасында қатаң полемикаға алып келді [Поппер К. 1992].

Ол әлеуметтік жүйелердің «ашық» және «жабық» болып бөлінуін ұсынды. «Реакциялы философия» ретінде авторитарлы қабылданған және өзгермейтін нормалар негізіндегі тоталитарлы принцип бойынша ұйымдасқан «жабық» қоғамды қорғайтын историцизмді қатаң сынға ала отырып, ол «ашық» қоғамға өзінің сипаттамасын береді. Ашық қоғам адам санасының күшті сыни потенциалына негізделуі тиіс. Бұл сыни потенциалды басқалар шыдап қана қоймай, демократиялық институттар арқылы басқаша пікірді тудыруға, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған, ең бастысы – *қоғамның үздіксіз реформалауға* бағытталған индивидтердің және әлеуметтік топтардың интеллектуалды еркіндігінің орын алуына итермелейді.

«Ашық қоғам» түсінігінің өзі ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында интуитивизм мен өмірдің философиясы атты француз философиясының өкілі Анри Луи Бергсон енгізді. «Мораль мен діннің екі қайнар көздері» атты еңбегінде ашық қоғам мінсіз қоғамдық құрылыстың бір түрі болып қарастырылды [Бергсон А., 2010].

Бергсонның ізбасары болып табылатын Поппер, *ашық қоғамды* бір мінсіз, утопия ретінде емес, шынайы қоғам ретінде есептейді. Солайша, ол ашық қоғамның екі сипаттамасын бөліп көрсетеді:

а) нәтижелері саясатқа әсерін тигізетін талқылау еркіндігінің заңдылығы (мысалы, біздің елде түрлі конференциялар, диспуттар, «дөңгелек үстелдер» өтіп жатыр, дегенмен бұл іс-шаралардың барлығы билікке жетпей жатыр деген пікір қалыптасады немесе билік өкілдерінің біреуі сол іс-шараның қатысушылары айтқан ұсыныстарды ресми

қолдағаны немесе мүлдем өздерінің келіспеушіліктерін білдіргені байқалмайды. Сондықтан да көптеген ғалымдардың жігері, жұмыстары – «шөлейт жердегі шыққан дауыстай» саналады;

б) «өзінің пайдасын ойламаған жандардың еркіндігіне көмегін тигізетін» арнайы институттардың болуы [Поппер К. 1992].

К. Поппер сонымен қатар, еуропалық мемлекеттерде әлеуметтік-реформистік ұйымдардың теориясы мен тәжірибесінде пайдаланатын (әлеуметтік прожекторлыққа қарсы келетін) «*біріндеп жүретін*» әлеуметтік инженерия әдіснамасын ойлап тапты.

Сонымен қатар, тұлға қоғам үшін емес, қоғам тұлға үшін, тұлға мемлекет үшін емес, керісінше мемлекет тұлға үшін өмір сүрген шынайы азаматтық қоғамда ғана жетік дамыған демократия орын алады деген постулатты естен шығармау тиіс.

Дегенмен, тағы мына ең маңызды бір нәрсені естен шығармау жөн: демократия әрбір жаңа ұрпаққа жаңадан ашылғандай болады, себебі, әрбір тарихи кезең өзінің материалды, қоғамдық-саяси, адамгершілік құндылықтар жүйесін құрады. Яғни, белгілі бір уақытта саналы және адекватты қоғам құрылысын қабылдау дүниеге келеді. Әрине, әрбір жаңа ұрпақ өркениет стандартына жауапты.

Әрбір тарихи кезеңдегі дамыған құқықтық қарым-қатынас мемлекетпен қалыптасатын, жоғары әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және моральды мәртебесіне ие болған азаматтардың қоғамы ретінде азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы – «бұл өмірдің түрлі саласын қамтитын, соның ішінде еркіндік, теңдік, әділеттілік және де басқа әлеуметтік, саяси, моральдық және мәдени құндылықтарға қол жеткізу процесі сияқты қоғамның, биліктің, саясат пен адамның шексіз жетілу процесі» [Растоу Д.А., 1996].

Дегенмен, бұл жетілу процесі қаншалықты шексіз болғанымен де, бұл жетілудің деңгейін анықтайтын негіздеме бар – *бұл демократия деңгейі*, яғни билік пен саясаттың, азаматтылықтың ұжымдық және индивидуалды бастамаларының демократизм деңгейі.

Қазіргі Қазақстан Республикасында демократиялық белгілер бар, қазір соны жүзеге асыру үшін көптеген жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы өзін егеменді, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде жариялады. Конституция бойынша адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтары көрсетіліп, заң мен сот алдында теңдестірілген. Әркім өзіне жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Сөз және баспасөз бостандығы заң жүзінде бекітілген. Экономика саласында жеке меншікке үлкен жол ашылған. Бірақ Конституцияда көрсетілген де-юре заңдардың де-факто орындалуында кейбір түйткүлді мәселелер бар. Осыған орай дамыған Батыс Еуропа елдеріндегі тарихи тәжірибесін демократия орнату жолындағы үлгілерін, тәртіп, қағидаларын енгізіп, тиімді және нысаналы пайдаланған абзал.

Демократияны анықтауға және азаматтық қоғамның негізгі көрсеткіштерін белгілеуге толық, дегенмен де кішігірім шолу жасағанмен, біздің ойымызша, төмендегілерді анықтап алу қажет: біріншіден, Қазақстанда азаматтық қоғамды құру барысында демократияның қандай формасы жүзеге асып отырғанын анықтау, ал екіншіден, мемлекетте орын алып жатқан қайта құруларға азаматтардың көзқарасын анықтау мен нақтылау болып табылады.

Бірінші сұрақ бойынша, біз қазіргі Қазақстанда азаматтық қоғам әлеуметтік келісім демократиясы арқылы қалыптасып келеді деген пікірді ұстанамыз.

Бұл полиэтносты және поликонфессионалды қоғам жағдайындағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуының қазіргі жай-күйі мен болашағын анықтауда негіз болып табылады.

Көптеген зерттеулерде топтық бірегейлік басқа этностық топқа жататын адамдарға жағымды қарым-қатынас орнататындығы туралы айтылады. Осылайша, азаматтық бірегейліктің жағымды болуы, жағымды қыры әлеуметтік өзара әркетті жақсартады. Ол тұлғаның өзіндік құрметін, ұлттық мақтанышты өрбітеді, және өз елінің болашағы үшін қызмет атқаруға әсер етеді, ынтасын арттырады. Бұл өз кезегінде мемлекет тұрақтылығының кепілі болып саналады. Ең маңызды нәрсе – бұл осы азаматтық бірегейліктің жағымды, оң болуы халықты біріктіреді, полимәдени қоғамды болып табылалатын Қазақстан үшін маңызды шарттардың бірі болып есептеледі.

2. Қазақстандағы азаматтық қоғам мен демократияның қалыптасуы

Азаматтық қоғам құрылымдары мен институттарының этносаралық қатынастарды үндестірудегі маңызы зор. Этностар арасындағы қатынастар, этносаралық келісімнің өзгешелігі мен деңгейі, көбінесе, азаматтық қоғамның даму дәрежесіне байланысты. Өйткені өнегелілік, нанымдылық және сенімділік мәселелері әлеуметтің және мемлекеттен тыс жеке жұмыс жүргізетін құрылымдардың міндеттілігі мен жауапкершілігінде.

Мемлекеттің саяси-әлеуметтік жүйесінің дамуында азаматтық қоғам институттары мен қоғамдық ұйымдардың рөлі үлкен маңызға ие. Қазіргі уақытта елімізде бес мыңға жуық үкіметтік емес ұйым қызмет жасайды. Олардың жұмыс жасауына мүмкіндік беретін заңдар қабылданды. Азаматтық форум аясында «үшінші сектор» мен мемлекет арасында жаңаша бағыттағы серіктестік орын алуда. Ал мемлекеттік емес ұйымдардың қоғамда белсенді қызмет етуі азаматтардың қоғамдық белсенділігін қалыптастырары сөзсіз. Қоғамдық өмірдегі маңызды орын алатын институт ол Қазақстан халықтар Ассамблеясы болып табылады [Абишева М.А., 2006, с. 34].

Біздің қоғамда әлеуметтік ұйымдардың адам мінез-құлқына, азаматтық институттардың дамуына ықпалы зор, өйткені, жеке адам мен топты салыстырғанда топтың мүдделері басым түседі. Осыған орай, Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрізді институттардың, тәуелсіз кәсіподақтардың және саяси партиялардың орны ерекше маңызды.

Партиялар, саяси жүйенің және азаматтық қоғамның арасындағы кеңістікте орналасқан. Олар, азаматтық қоғам негіздерінен жеке құрылым ретінде қалыптасады, алайда, өздерін саяси жүйеде мемлекеттік құрылымдар арқылы саяси тәсілдермен жүзеге асырады.

Азаматтық қоғам құрылымдарының өзара әрекеттесуі, этносаралық қатынастар саласымен қатар төменгі дәрежеде. Қазақстан Халықтар Ассамблеясы «Нұр-Отан» партиясынан басқа ешбір саяси партиямен шектесу және ынтымақтасу жолдарын тапқан жоқ. Мемлекеттік құрылымдар және әлеуметтік ұйымдар да, бір келісімге келген жоқ. Бұл мәселеде қалыптасқан ұстанымдардан яғни **біріншіден**, саяси, сондай-ақ мемлекеттік жүйенің базистік-қондырма түсінігінен, оның азаматтық қоғам қадамдарын іске асыру құралы ретінде ұғынудан; **екіншіден**, азаматтық қоғамды мемлекеттік өзара әрекеттесудің объектісі ретінде түсінуден бас тарту қажет. Аталған салалардың тең құқықтылығын қолдай отырып, олардың өзара әрекеттесу жолдарын белгілеу қажет.

Азаматтық қоғамның, саяси жүйе аясында белгілі бір тенденциялардың айырмашылықтарын жақтайтын әлеуметтік-саяси күштер бар. Оларды қоғамның және биліктің тығыз одақтасуы жолында ғана жоюға болады.

Әлеуметтік бірлестіктердің қоғамды біріктірудегі рөлін бағалау барысында, ұжымдылық шеңберінде бәсекелестік және серіктестік формасында әрекеттенетін мүдделі топтардың айырмашылықтарын ескерген жөн. Олар, «әлеуметтік салмағы» және ықпалдылығы жағынан ерекшеленеді, өйткені олардың экономикалық, саяси, ақпараттық және тағы басқа мүмкіндіктері бірдей емес.

Егер де лобби тәрізді өкілеттіктің формасын ескерсек, этностық қатынаста аффелирлендірілген бизнес құрылымдардың бірлестік мүдделері негізінде белгілі бір келіспеушіліктер орын алуы мүмкін. Сондықтан, осындай мүмкін болатын қауіп-қатерлерді жоюға және билік өкілдеріне ықпал тигізу мүмкіндігін азайтуға бағытталған, бақылау және тағы да басқа механизмдер қажет. Осы міндетті, ҚР Парламент Мәжілісі жанындағы қоғамдық палата, Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірігіп атқаруы мүмкін. Алайда, міндетті шарт ретінде өзекті мәселелерді жариялы түрде кеңінен талқылау қажет.

Қазақстандық ғалым, академик Ә.Н. Нысанбаев өзінің «Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм» атты монографиясында Демократияландыру процесінде мемлекеттік өкімет билігі институттары

мен қоғамның саяси мәдениетін жетілдіру керектігін, қоғамның неғұрлым ашық болуын және адамның құқықтарын құрметтеу қажеттігін атап өткен болатын. Құқықтық мемлекет жағдайында ең алдымен негізгі заң ретінде Конституцияның басымдығы. Одан соң әрбір адамның, азаматтың, әртүрлі ұжымдар мен ұйымдардың бостандықтары мен құқықтарының заң жүзіндегі кепілдіктері қамтамасыз етілуі қажет. Зерттеуші әсіресе орта таптың маңыздылығына ерекше тоқтала отырып, онсыз экономиканың нарықтық үлгісін дамыту мүмкін еместігін атап өтеді. [Нысанбаев Ә.Н., 2006]

2006 жылы Президенттің ұсынысымен азаматтық қоғамның даму Концепциясы қабылданды. Ол бойынша, азаматтық қоғамды дамыту демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты болып табылады [ҚР азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 ж. арналған тұжырымдамасы, 2006]. Билік құрылымдары оны іске асыруға, «азаматтық қоғам – мемлекет - бизнес» үш таған шеңберінде өзара әрекеттенуді қалыптастыруға бет алды.

Алайда, бізде азаматтық қоғам толығымен қалыптасқан жоқ. Осы жағдайда, этносаралық ынтымақтастық пен келісімді реттеудегі басты рөл мемлекет институттарында қалуда. Осыған орай, қызметтерді азаматтық қоғам институттарының пайдасына біртіндеп қайта бөлу, басты стратегиялық міндет болып келеді. Осы жағдайда ғана, тұрақтылықтың, азаматтық бейбітшіліктің және этносаралық ынтымақтастықтың жоғары дәрежесі қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік институттар, қоғамдық бірлестіктердің этносаралық келісімді күшейтуге бағытталған әр-түрлі шараларын өткізу ынталарына әрекетті көмек көрсетулері қажет. Алайда, аймақтардың ерекшеліктерін, олардың этностық құрамын және құрылымын ескеру жөн.

Қазіргі кезде, үкіметтік емес ұйымдардың этносаралық келісімді ұйымдастыруда кейбір қозғалыстар байқалады. Үкіметтік емес ұйымдардың жобаларында, нақты мәселелердің этностық факторын ескеретін аспектілер бар. Мемлекеттік емес ұйымдар этносаралық қатынастарды талдауға, оларды үндестіруге бағытталған әлеуметтік тапсырыстарды жиі-жиі орындай бастаған.

Алайда, тұтас алғанда үкіметтік емес ұйымдардың осы бағыттағы іс-әрекеттері әлі қалыптасу сатысында және қайта құруды қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Абишева М.А. Особенности развития демократических процессов в Казахстане // Казахстан-Спектр. – 2006. – №4. – С. 34

2 Аристотель. Политика // Сочинения в четырех томах. – Т.4. – Москва: Мысль. – 1983. – 376 с.

3 Бергсон А. Два источника морали и религии. 2-е издание, исправленное. / А. Бергсон. – М.:Издательство «КДУ». – 2010.– 288 с.

- 4 Гаджиев К.С. Введение в политическую науку: Учеб. для вузов. Издание 2-е, переработанное и дополненное / К.С. Гаджиев. – М.: Издательская корпорация "Логос" – 1999. – 544 с.
- 5 Гарсон Дж. Теория групп в политике // Журнал «Социология политики», Москва. – 1981. – 325 с.
- 6 Грачев М.Н., Мадатов А.С. Демократия: методология исследования, анализ перспектив: Монография / М.Н. Грачев, А.С. Мадатов. – М.: Изд-во «АЛКИГАММА», 2004. – 128 с.
- 7 Даль Р. О демократии / Перевод с англ. А.С.Богдановского. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – 345 с.
- 8 Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2030» в действии: десять лет успеха // Доклад на конференции, посвященной 10-летию «Стратегии Казахстан-2030» – Астана, 12.10.2007.
- 9 Нысанбаев Ә.Н. Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм. / Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: Философия және саясаттану институты, 2006. – 78б.
- 10 Поппер К. Открытое общество и его враги. Т. 1: Чары Платона / К. Поппер. Пер. с англ., под ред. В. Н. Садовского. – Москва: Феникс, Международный фонд «Культурная инициатива», 1992. – 448 с.
- 11 Растоу Д.А. Переходы к демократии: попытки динамической модели // журнал «Полис». - 1996. - №5. - С. 6-7
- 12 Руссо Ж. Ж. Трактаты / Ж. Ж. Руссо. – Москва, 1969. – С. 178-180
- 13 Штраус Л., Фёглин Э. Энциклопедический словарь / Л. Штраус, Э. Фёглин. – Москва: Издательство Publishers», 1993.– С. 75-76
- 14 Шумпетер Й. Капитализм, социализм и демократия / Й. Шумпетер. - Москва, 1995. – С.238-247.